



# Машина жасау саласы бойынша 2020 жылғы қаңтар-тамызға арналған дайджест



**Машина жасау өндірісі көлемінің динамикасы, млрд теңге**



2020 ж. қаңтар-тамыз/2019 ж. ФКИ:

**Машина жасау – 116,3%**

электр жабдығы – 100,2%

басқа көлік құралдары – 201,4%

автомобиль жасау – 151,8%

басқа санатқа енгізілмеген машиналар

мен жабдық – **96,4%**

компьютерлер, электрондық және

оптикалық өнім – **77,6%**

жөндеу және орнату – **102,8%**

**Түсінік:**

2020 ж. қаңтар-тамызда ақшалай көріністе өндіріс көлемі 38% өсті, өндіріс нақты көріністе 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 16,3% өсті.

Өндіріс көлемінің өсуі мына секторларда байқалады: автомобиль жасау (+51,8%), басқа көлік құралдары (2 есе), жөндеу және орнату (+2,8%), электр жабдығы (+0,2%). Өсу автомобильдерге сұранысты ынталандыру және жүк вагондары мен локомотивтер өндірісі бойынша тапсырыстар есебінен қамтамасыз етілді. Алайда, COVID-19 таралуының нәтижесі және мұнай бағасының төмендеуі салаға әсер етпей қоймады, басқа санаттарға қосылмаған машиналар және жабдық, сондай-ақ, компьютерлер, электрондық және оптикалық өнім өндірісі секторларында өндірістің 3,6% және 22,4% қысқарғандығы байқалады.

**Өңірлер кесінінде машина жасау саласы өндірісінің  
2020 ж. қаңтар-тамыздағы көлемі, млрд теңге**

Сала ҚР барлық облыстарында бар, 2 өңірде (ақшалай көріністе) ең көп шоғырланған:  
Қостанай облысы және ШҚО




ӨНІМНІҢ НЕГІЗГІ  
ТҮРЛЕРІНІҢ  
ӨНДІРІСІ



**Машина жасау өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-тамыздағы  
2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі**

*Автокөлік құралдары және т/ж машина жасау өнімі өндірісінің өсуі*




■ 2019 қаңтар-тамыз (100%)  
■ 2020 қаңтар-тамыз


САУДА  
КӨРСЕТКІШТЕРІ



Экспорт, млн АҚШ долл.



Импорт, млн АҚШ долл.



Жиынтықтауыш құралдарды жеткізуді кешіктіру, негізгі сауда серіктес елдер экономикасының әлсіреуі және ішкі нарықта сатып алу мүмкіншілігінің төмендеуі, пандемия және мұнай бағасының төмендеуі саланың сауда айналымының нашарлауына әсер етті.

### Экспорт

Экспорт көлемі 2020 ж. 7 айда былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 12,3% төмендеді. Құлдырау жоғарыда аталған шараларға байланысты болды. Экспорт көрсеткіштерін ұстап тұру аккумулятор, трансформатор, мойынтірек, жеңіл автомобиль, арба және басқа да тауарлар есебінен мүмкін болды.

### Импорт

2020 ж. қаңтар-шілдеде импорт көлемі 2019 ж. қаңтар-шілде көрсеткішімен салыстырғанда іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Импортталатын өнімнің ақшалай көріністе ең жоғары үлесін ұшақтар, ауа сорғылары, құбыр желісіне арналған арматура, телефон аппараттары, моторлы көлік құралдарына арналған шанақтар, резервуарлар, цистерналар және ыдыстар құрады.

## Машина жасау өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-шілдедегі экспорт/импорты

Экспорт өнімі	мың АҚШ долл	Өлшем бірлігі	Импорт өнімі	мың АҚШ долл.	Өлшем бірлігі
Бөлшектерді қоса алғанда, т/ж арбасы, доңғалақ біліктері	71 336	33 772	Құбыр желісі, қазандық, резервуар және басқа да осыған ұқсас ыдыстарға арналған арматура	767 090	17 963
Дизель-электр локомотивтері	49 738	3 691	Ауа немесе вакуумдық сорғылар, газ немесе ауа компрессорлары	503 141	11 133
Жұмыс көлемі 1500 см <sup>3</sup> артық, бірақ, 3000 см <sup>3</sup> артық емес цилиндрмен келі құралдары	48 539	1 896	Тоңазытқыш немесе мұздатқыш жабдығының бөліктері	475 675	17 321
Салмағы 2000 кг артық ұшақтар және басқа да ұшу аппараттары	36 482	101	Ұялы телефон аппараттары	305 275	650
2 000 кг* артық бос жабдықталған көлік құралының массасымен ұшақтар және басқа да ұшу аппараттары	32 369	24	Температура өзгерісін пайдаланатын процестердің материалдарды өңдеуіне арналған электр немесе электр емес машиналар, агрегаттар және өнеркәсіптік немесе зертханалық	269 657	20 776

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



### Президент Hyundai Trans Kazakhstan жеңіл автомобиль шығаратын зауытқа барды

Қасым-Жомарт Тоқаев Hyundai Trans Kazakhstan жеңіл автомобиль шығаратын қазақстандық зауытты іске қосу дайындығын тексерді.

Президентке автомашиналарды жинау процесін және ашылуы 2020 жылғы 15 қазанға жоспарланған автомобиль жасауға арналған жаңа цехті көрсетті.

Мемлекет басшысына жоба Алматы қаласының индустриялық аймағында мемлекеттік құрылымдарының қолауымен жүзеге асырылатындығы туралы хабарлады.

Пайдалануға бергеннен кейін кәсіпорын қуаты бірінші кезеңде жылына 30 мың машинаны құрайды, екінші кезеңде – 45 мыңға дейін. Инвестицияның жалпы көлемі – 28 млрд теңгеден артық, оның 30 % – компанияның жеке қаражаты. Hyundai Trans Kazakhstan кәсіпорны шамамен 700 жұмыс орнын ашады және аралас салалардың дамуын ынталандырады.

Болашақта инвесторлар автокомпоненттер өндіретін зауыт салуды жоспарлауда, осылайша, компания отандық автомобиль өнеркәсібін дамыту бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізеді – 51 % артық бейімделуді қамтамасыз ету.

Объектіні қарағаннан кейін Мемлекет басшысы индустриялық аймақ резиденттерімен жеке кәсіпкерлікті қолдау және өнеркәсіптің басым салаларын дамыту мәселелерін талқылады.

Дереккөз: [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)



### Шымкентте тағы бір индустриялық аймақ болады

2021 жылы Шымкентте «Жұлдыз» жаңа индустриялық аймақ құрылысын бастайды. Қазіргі уақытта инфрақұрылым құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Атап айтқанда, оны бірнеше кезеңде өткізеді, бірінші кезеңде – 100 га.

«Бірінші кезең сомасы 2,7 млрд теңгені құрады. Құрылыс 2021 жылы басталады деп жоспарлануда», – деп хабарлады басқармада.

Индустриялық аймақтың жалпы алаңы 306 га. Бұған дейін құрылыс индустриясы, фармацевтика, металлургия және жиһаз өнеркәсібінде 60 жобаны кезең-кезеңімен іске асыру туралы хабарланғандығын атап өтеміз.

Индустриялық аймаққа 105 млрд теңге мөлшерінде инвестиция тарту көзделген. Толық іске қосылған кезде 8 мың адам жұмысқа орналастырылатын болады.

Сондай-ақ, Шымкентте агроиндустриялық аймақ, сондай-ақ, оның аумағында жобалар іске қосылатын болатындығын еске саламыз. Аграрлық Шымкент құруға 1,5 млрд теңге жұмсалады. Инфрақұрылым құрылысын бастау биылғы жылға жоспарланған.


Мемлекеттік құрылым болжамына сәйкес аймақта жылына 500 мың тонна ауыл шаруашылық өнімі өңделетін болады. Дайын өнімді тек қана ішкі нарықта емес, сонымен қатар, жақын және алыс шетелдерде сату көзделген.

Бірінші кезеңде 2020-2021 жылдары 30 га жерде өнеркәсіптік жылыжай кешені салынатындығы кейін белгілі болды. 2022-2025 жылдары 60 га жобаның екінші кезеңін іске асыруды жоспарлап отыр.

Мемлекеттік құрылым деректері бойынша жобаның жалпы құны 21 млрд теңгені құрайды. Барлық жылыжайларды іске қосқаннан кейін 1 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуды жоспарлауда.

Дереккөз: [www.lsm.kz](http://www.lsm.kz)

## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ



### Ой күшін компьютерге сымсыз беруді үйренді

2020 жылы инженер-электронщик Кришна Шена (Krishna Shenoy) және нейробиолог Борис Мурманн (Boris Murmann), сондай-ақ, нейрохирург Джейми Хендерсон (Jaimie Henderson) басшылық жасаған топ нерв импульстерінің нақты деректерін жинауға қабілетті – пациенттің миы үшін қауіпсіз сымсыз құрылғыны қалай жасау керектігін көрсетті. Олар әзірлеген құрылғы заманауи сымды жүйелер үшін қажетті қуаттың оныншы бөлігін пайдаланады.

Бұндай нәтижеге дабылдарды сүзу арқылы қол жеткізілді, яғни, нақты протезді басқаруға қажеттілерді дәл таңдау, мысалы, роботты қол немесе компьютер курсоры. Әзірлеу процесінде зерттеушілер клиникалық зерттеуге қатысқан үш приматтың және бір адамның нейрондық деректерін жинады.

Сынақтан өтушілер курсорды компьютер экранында қозғалту сияқты қозғалыстар жасаған кезде, зерттеушілер қажетті дабылдарды тіркеп және осы операцияға қажет емес дабылдарды сүзуден өткізіп өлшеу жүргізді. Көптеген эксперименттер барысында алынған деректер белгілі бір ми дабылдарына негізделген сымсыз интерфейс құрылуы мүмкін және қозғалысты нақты басқара алады деген гипотезаны растады.

Мидың барлық белсенділіктерін емес, қатаң таңдалған дабылдарын беру тәсілінің негізінде имплантанның жаңа нұсқасын жасау келесі қадам болады.

*Дереккөз: [www.kommersant.ru](http://www.kommersant.ru)*



### Жапония Айда зауыт салады

Жапония 2035 жылы Айда сутегі отыны өндірісі зауытын салуды жоспарлап отыр. Бұл туралы ТАСС Kyodo агенттігіне сілтеме жасай отырып хабарлады. Фабриканы мұз шоғыры жатқан оңтүстік полюста салады. Одан отын, оттегі және сутегі өндіретін болады.

Соңғысын Айда немесе жер орбитасы мен ай маңындағы ғарыш станциясы арасына қозғалу үшін отын ретінде пайдаланатын болады.

Бұндай жоба отынды Жерден тасымалдау шығындарын азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ, ғарыш пен Айды игерудегі қадам болады. Шілдеде Ресей ғарыш басшысы Дмитрий Рогозин Ресей мен Қытай Айды бірге игереді деп хабарлады. Корпорация басшысы Ресей онда ғылыми база салуға ниеттеніп отырғандығын атап өтті.

*Дереккөз: [lenta.ru](http://lenta.ru)*